

Ж.И. Мулдахметова¹ , Ж.Т. Джолдыбаев¹ , Э.А. Байдалиева² , Д.Б. Саккулакова¹ 

¹М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Шымкент, Қазақстан;

²Академик Ә. Қуатбеков атындағы Халықтар достығы университеті, Шымкент, Қазақстан
(E-mail: zhanar_0869@mail.ru; jomartt67@mail.ru; emma303@inbox.ru)

XX ғасырдың 20-30 жылдарындағы Қазақстандағы ұлтаралық қатынастар: тарихы және мәселелері

Тарихшылардың Кеңес мемлекетінің ұлттық саясатына және этносаралық қатынастарға деген қызығушылығы Отан тарихының барлық кезеңдерінде байқалады. Мақаланың мақсаты — Қазақстандағы Кеңес мемлекетінің ұлттық саясатын кешенді талдау, этносаралық қатынастардағы мәселелерді анықтау. Осыған сүйене отырып, мақалада революцияға дейінгі Қазақстан аумағындағы этносаралық қатынастар дағдарысының себептері қарастырылған, авторлар қазақ зиялыларын қазақтардың этникалық топтасуы мен қазақ халқының байырғы мүдделерін қорғау үшін күреске итермелеген факторларды ашады. Проблематиканы зерттеу барысында авторлардың назарында Қазақстанда тұратын халықтар, олардың этносаралық қатынастардағы топтық көзқарастары болды. Қазақтар мен орыстар, сондай-ақ жекелеген этникалық аз халықтар арасындағы қатынастар қарастырылды.

Кілт сөздер: Қазақстан тарихы, ұлтаралық қатынастар, Кеңес мемлекетінің саясаты, ұлттық саясат, қазақ зиялылары.

Кіріспе

Қазіргі кезеңде ұлтаралық қатынастар мәселесі — бұл Қазақстан Республикасының мемлекеттік және қоғамдық құрылысының маңызды мәселелерінің бірі болып саналады. Ұлтаралық қатынастар тарихтың барлық кезеңінде маңызды саналды және бұл мәселені қазіргі уақытта жемісті шешу — бұл қазақстандық қоғамның тұрақты дамуына оң ықпалын тигізеді және Қазақстанда өмір сүріп жатқан өзге ұлт өкілдері арасындағы берік қатынастардың құрылуына, қазақстандық қоғамның мәдени тұрғыдан дамуына ықпал етеді. Әлемдік тәжірибеде ұлттық мәселені шешудің үш тәсілі қалыптасқан. Біріншісі — мемлекетте өмір сүріп жатқан өзге ұлт өкілдеріне қатысты қатаң заңдарды енгізу, мемлекеттен кетугін талап ету және «қысым көрсету» саясаты; екіншісі — ұлттық мәселенің өздігінен шешілетіндігіне үміт артып, оны елемеу тәсілі; еліміздің таңдап алған ең дұрыс үшінші тәсілі — халықтар арасындағы келісім мен өзара сенім зонасын кеңейту және түйістіру тәсілі. Сондықтан, Қазақстан Республикасы өзінің тәуелсіздігінің алғашқы күндерінен бастап халықтарды біріктіру және әртүрлі диаспоралардың мәдениетін дамыту саясатын жүргізіп келеді.

Біздің пікірімізше, тарихи дамудың қарама-қайшылықтарға толы кезеңіндегі ұлтаралық қатынастар мәселесін және ұлтаралық қарама-қайшылықтарды шешу тәсілін зерттеу үлкен қызығушылық танытады. Осындай ұлтаралық қатынастардағы қарама-қайшылықтар орын алған тарихи кезеңнің бірі — XX ғасырдың 20–30 жылдары. Сондықтан, аталған кезеңдегі Кеңес мемлекетінің ұлттық саясатына және этникааралық қатынастар мәселесіне деген тарихшылардың, философтардың және қоғамтанушылардың қызығушылығы отандық тарихтың барлық кезеңінде байқалады. Себебі, жаңа ұлтаралық интеграция мен қазақстандық ұлтты қалыптастыру және үлгісін дамыту үшін XX ғасырдың 20–30 жылдарындағы ұлтаралық қатынастар мәселесін және Кеңес үкіметінің ұлттық саясатының тәжірибесін қарастыру маңызды.

Зерттеу әдістері

Тақырыпты зерттеу барысында историзм мен объективтілік принциптері басшылыққа алынып, XX ғ. 20–30 жылдарындағы ұлтаралық қатынастардың даму жүйесін зерттеуде жүйелілік әдісі қолданылды, аталған кезеңдегі Кеңес үкіметінің ұлттық саясатының даму кезеңдерін қарастыру барысында салыстырмалы-тарихи әдіс қолданылды. Қарастырылып отырған кезеңде Қазақстандағы өмір сүрген ұлт өкілдерінің санын және санақ материалдарын, басқару органдарын қазақыландыру үрісін талдау барысын сандық талдау және статистика әдістері қолданылды.

* Хат-хабарларға арналған автор. E-mail: zhanar_0869@mail.ru

Мәселені талқылау

1920 ж. 26 тамызда Бүкілресейлік Орталық Атқару комитеті және РКФСР Халық комиссарлар кеңесі «Автономиялы Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасын» құру туралы Декрет қабылдағаны белгілі. Осы кезден бастап ұлттық мемлекеттік құрылыста этникалық азшылдықтың теңқұқықсыздығын және жер мәселесіне қатысты отарлау саясатының кері салдарын жоюға бағытталған кешенді ұлттық саясатты жүзеге асырумен қатар жүрді. Осылайша, XX ғасырдың 20–30 жылдарының соңында Кеңес өкіметі бірнеше ірі саяси науқандарды жүзеге асыруға кірісті. Әкімшілік-территориялық бөлініс, мемлекеттік-құқықтық мәртебесі, экономикалық еркіндік дәрежесі, мәдени қамтамасыз ету және халықтардың тілдік идентификациясы жаңа кеңестік қоғамның негізгі қызметіне айналды. Елдің әкімшілік-аумақтық картасын қайта құру социализм құрылысына бағытталған ірі әлеуметтік-экономикалық құрылымдармен, оның ішінде индустрияландырумен және урбанизациямен, халықтың әлеуметтік құрамының түбегейлі өзгерістерімен, көші-қон көлемімен, жерге орналастырумен және т.б. байланысты еді. Соның ішіндегі міндеттердің бірі — шаруашылық әлеуеті, халықтың этномәдени құрамы, табиғи, кадрлық, әлеуметтік ресурстары мен мүмкіндіктері бойынша ерекшеленетін өңірлердің әлеуметтік-экономикалық және мәдени даму деңгейлерін теңестіру болды.

1920 ж. алғашқы кеңестік санақ нәтижелері Қазақстанда әлеуметтік-экономикалық және саяси тоқыраудың орын алғандығын дәлелдеп берді. Кеңес үкіметінің шетел әскери интервенциясы мен азамат соғысы кезеңіндегі жүргізген азық-түлік салғыртқа қатысты саясаты ауылшаруашылығы экономикасына кері ықпалын тигізді. Осының салдарынан Қазақстанда аштық орын алып, өлім мен миграция өсімі байқалды. Мысалы, 1917–1920 жылдары Қазақстан халқының саны 6 218,3 мың адамнан 4 679 795 адамға, ал 1923 жылы 3 786 910 адамға қысқарған. Осылайша, 1920–1923 жылдар аралығында Қазақстан халқының саны 892 885 адамға азайды [1].

Осымен бірге, 1920 жылы жүргізілген Бүкілресейлік санақ материалдарына сәйкес Қазақ АКСР-да 38 өзге ұлт өкілдері өмір сүген. Солардың арасындағы сан жағынан неміс ұлт өкілдерінің саны басым болған. Қазақстанға келген 62 760 неміс ұлты 8 аймаққа орналастырылған. Солардың арасында Ақмола облысына 22 348 адам (35,6 %), Семей облысына 7 837 адам (12,5 %), Қостанай облысына 16 471 адам (26,2 %), Орынбор губерниясында 12 988 (20,7 %), Ақтөбе облысына 2 233 (3,6 %), Орал облысына 820 (1,3 %), Торғайға 9,0 (0,0), Бөкей ордасына 54,0 (0,1 %) орналасқан [2; 17]

Осындай қалыптасқан жағдайда, автономия жетекшілері екі басты міндетке назар аударды. Бірінші, ұлттық мемлекет территория шекарасында қазақ халқының өмір сүруін қамтамасыз ету; екіншісі, әлеуметтік-экономикалық артта қалуды жою және республика территориясында өмір сүріп жатқан халықтардың даму деңгейін теңестіру болды. Бірінші міндеттің аясындағы негізгі оқиғалардың бірі — бұрын қазақ халқынан тартып алынған жерлерді қайтарумен байланысты еді. 1921 жылы 2 ақпанда және 19 сәуірде шыққан жарлықтардың негізінде Ақмола, Қостанай, Торғай, Семей, Орал губернияларындағы 1921 жылдың ақпанына дейін қоныс аударушылар игермеген қазақ шаруаларына бос жерлері қайтып берілді. Қазақ халқына дворяндарға, капиталистерге, монастырларға жалға берілген жерлер, сондай-ақ патша үкіметі Сібір және Орал казак әскерлерінің пайдалануға берген жерлері қайтарылды.

Территорияны қайта бөлудің объективті бағасын Г.Ф. Дакшлейгер және К.И. Нұрпейісов «1921–1922 жылдардағы реформа Қазақстандағы аграрлық мәселені толық шешпеді және оны мақсат етпеді де... Бірақ қазақ еңбекшілеріне жерді қайтару фактісінің өзі және ауыл еңбеккерлерінің жер-су пайдалануын іс жүзінде теңестіру шараларының экономикалық және саяси маңызы жоғары болды» [3; 108] деп атап көрсеткен болатын.

Осылайша, ұлттық-территориялық межелеу іс-шараларынан соң 1924 жылы қазақ мемлекеттілігінің әкімшілік және саяси форматы қалыптасты және мұның шеңберінде этноұлттық үдерістер орын алды. 1922–1928 жылдар аралығында Қазақстандағы этносаяси үдерістер қазақтандыру саясатымен және қазақ ауылдарын кеңестендірумен тығыз байланысты болды. Қазақыландыру саясаты 1923 жылдың 22 қарашадағы қазақ тілінде іс жүргізуді енгізу туралы ҚазОАК Жарлығының қабылдануынан басталады. Осыған сәйкес, 1924 жылғы қаңтар-шілде айлары аралығында қазақ болыстарындағы барлық ресми іс жүргізу шаралары қазақ тілінде жүргізілуі тиіс болды. Осымен бірге, қазақыландыруды бақылау мақсатында арнайы орган — ҚазОАК жанында қазақыландыру жөніндегі комиссия құрылды. Осыған қоса, 1923 ж. аяғынан бастап республикалық

қазақыландыру комиссиясының губерниялық және уездік бөлімшелері жұмысын бастады. Дегенмен, қазақыландырудың бірінші кезеңінің аяғына қарай мемлекеттік партия аппаратындағы қазақтардың саны төмен болды. Мысалы, 1926 жылдың 1 қаңтарына қарай ҚазОАК Президиумында 12 қазақ, 2 орыс, 1 қарақалпақ, 1 өзбек өкілі болған. Республикалық Халық Комиссарлар Кеңесінде басқару лауазымдарында 11 қазақ және 5 басқа ұлт өкілдері болған. Республикалық шаруашылық органдары жетекшілерінің ұлттық құрамы басқаша болған, атап айтқанда 16 адамның ішінде 8 адам орыс ұлты өкілі болды. Қазақтардың үлкен бөлігі Халық комитетінде (28%), әлеуметтік қамтамасыз ету бөлімінде (27%), Юстиция халық комитетінде (17,5%) болған. Қазақтардың ең аз саны Халықтық еңбек комиссариатында (7%), Ішкі істер комиссариатында (6%), Халықтық денсаулық сақтау комиссариатында (4%), Қазвоенкоматта (4%) және Халықтық қаржы комитетінде (0%) болған [4; 131].

Кадрларды даярлау ісі кәсіби оқу орындарында жүрді. 1925 ж. республикада 42 орта білім беру мекемесі болған және оларда 1790 қазақ білім алған. Осымен бірге, қазақтарды республикалық партия қатарына тарту қарқынды жүрген. Мысалы, 1922 жылы қазақ коммунистерінің саны 1481-ге жетіп, жалпы партия мүше санының 8,9 пайызын құраған, ал 1924–1926 жылдар аралығында қазақ коммунистерінің саны 1539-дан 11634-ке, яғни сегіз есеге өскен [5; 109].

Дегенмен, 1925 жылы ақпанда Қазақ өлкелік комитетінің Екінші пленумының қабылдаған резолюциясы қарастырылып отырған кезеңдегі ұлтаралық қатынастарға өзінің ықпалын тигізді. Себебі бұл резолюцияға сәйкес қазақтарды жерге орналастыру тек қана олардың иеленіп отырған жерінің есесіне емес, сонымен бірге «өз еркімен қоныстану нәтижесінде босап қалған» жерлердің есесіне жүргізілуі керек болатын. 1925 жылдың сәуірінде жерге орналастыру келесідей кезек бойынша жүргізілген: қазақтарға жерді бөліп берген соң, 1918 жылға дейін келгендерге жер беру; 1922 жылдың 31 тамызына дейін келген қоныстанушыларға жер беру; 1922 жылдың 31 тамызына дейін өз еркімен қоныстанушыларға жер беру. 1925 жылдың сәуірінде РКП (б) Жалпы қазақ конференциясы және Жалпы кеңестік қазақ съезі Өлкелік комитеттің ақпандағы резолюциясын қабылдайды. 1925 жылдың 19 сәуірінде Кеңестер съезі Қазақстанға өз еркімен қоныстануға тыйым салады. 1922 жылдың 31 тамызынан соң келген қоныс аударушылар жерге орналастыру тәртібіне ілінбейді. Бұл өз кезегінде, ұлтаралық қатынастарды қиындатып, көптеген шиеленістердің орын алуына алып келген [6].

Дегенмен, қарастырылып отырған кезеңдегі ұлтаралық қатынастар мен демографиялық өзгерістердің нәтижесін 1926 жылғы Бүкілодақтық халық санағы көрсетіп берді. 1926 жылы Қазақстанда 6 198 467 адам өмір сүрді, яғни 1920 ж. салыстырғанда 800 мың адамға (14,8 пайызға) көбейген. Қазақстан көпұлтты мемлекетке (80 ұлт өкілдері) айналды. Қазақтар үстем ұлт өкілі болғанымен, олардың халық санындағы үлесі 58,5 пайызға төмендеді, ал абсолютті көлемі 1897 жылмен салыстырғанда 6,5 пайызға өсті. Орыс халқының саны керісінше 2,8 есеге; ал үлес салмағы 20,6 пайызға өсті. Сонымен бірге, украиндықтардың (13,9 пайыз), немістердің (0,8 пайыз), өзбектердің (2,1 пайыз) үлес салмағы артты. Этникалық топтардың орналасу ареалы айтарлықтай өзгеріске ұшыраған жоқ. Қазақтардың саны Сырдария, Орал және Ақтөбе мен Жетісу губернияларында үстем болса, орыстардың саны Ақмола мен Семей губернияларында үстем болды. Украиндықтардың айтарлықтай бөлігі Қостанай округында өмір сүрді және Ақмола губерниясындағы олардың үлесі 18,7 пайыздан 25,8 пайызға артты. Қазақстанға Сырдария мен Жетісу губернияларының Қазақстанға қосылуының арқасында Қазақстанның этникалық құрамында ұйғырлар, өзбектер мен басқада ұлт өкілдері пайда болды [1].

1927–1928 жылдары ұлтаралық қатынастар мәселесінде қайрама-қайшылықтар тереңдей түскенін байқауымызға болады. Өзімізге белгілі, 1927 жылғы 8 ақпанда Бүкілресейлік орталық атқару комитетінің президиумы жергілікті халық пен қоныс аударып келгендерді жерге орналастыру құқықтарын теңестіреді. Дегенмен, 1927 жылғы 8 маусымда Қазақ өлкелік комитетінің бюросы Бүкілресейлік орталық атқару комитетінің ақпандағы шешіміне қарсылық көрсетті. Өзімізге белгілі, Ф. Голощекин Қазақстанға келгенге дейін Қазақ өлкелік партия комитетінде С. Қожанов, С. Садуақасов, Ж. Мынбаев және басқада ұлт тағдырын ойлаған жауапты қызметкерлер болды. Олар кеңестік билік жағдайында қазақ мемлекетігін қалыптастыру мәселесіне ерекше назар аударып, оны іске асыру жолдарын іздеді. Ұлттық бағыт ұстанған коммунистер қазақ халқының басым бөлігі тұратын ауыл мәселесін көтеріп, «Бетінді ауылға бұр» деген үндеу тастады. Ауыл жайын сөз еткенде, елдің хат танымайтын бұқарасымен, елмен араласып отырған, елдің жақсы жаманын, кем кетігін көзімен көріп, біліп отырған, ел ішіндегі бас көтерер тілектес адамдармен сөйлесуді, солармен ақыл

қосып жұмыс істеуді мақсат етті. Мемлекеттік аппарат пен халық шаруашылығы органдарын қазақтандыру, Қазақстанның бес жылдық мерекесін тойлау, осы мерекеге арнап Советтік Қазақстан жайлы жинақ дайындауды қолға алды. Қазақ халқы үшін аса маңызды жер мәселесін шешуге бел шеше кірісті [7].

Кеңестік билік ұлттық оппозицияның ашық қарсылығына қатаң түрде қарады. Қазақстанға Ф. Голощекинге көмектесу мақсатында Большевиктердің бүкілодақтық коммунистік партиясының хатшысы А. Андреев келеді. 1927 жылы тамызда Бүкілодақтық орталық атқару комитеті Қазақстандағы ұлтаралық қатынастарды реттеу бойынша арнайы комиссия құрады. Бұл комиссия Ақмола және Семей облыстарындағы ұлтаралық қатынастардың дамуын зерттейді және бұл зерттеудің нәтижесінде 1927 жылғы қарашада қазақтардың артық жерлерін алу туралы ұсыныс білдіреді.

1927 жылғы қарашада Қазақстандағы ұлтаралық қатынастарға арналған Жалпықазақ конференциясы өткен және бұл конференцияда А. Андреев партияның Өлкелік комитеті бюросының мүшелері С. Садуақасовты, Ж. Мыңбаев пен С. Ходжановты сынға алып, «ұлтшыл» деп айыптап, жергілікті емес халықтарды кемсітпеуді талап етеді. Соңында, С. Садуақасов, Ж. Мыңбаев пен С. Ходжанов Өлкелік комитеті бюросының құрамынан шығарылады.

Осылайша, Ф. Голощекин қазақ зиялылары арасындағы «жікшілдер» мен «топшылдарды» жанталаса іздеп, саяси-партиялық шара қолдана бастады. Қалыптасып келе жатқан әміршіл-әкімшіл жүйе партия бағытынан өзгеше ойлауға түбегейлі қарсы болғандықтан қазақстандық зиялы қауым өкілдерінің бір тобы «ұлтшыл», «жікшіл», «оппортунист», «зиянкес», «кондратьевшіл» және басқа да ағымдарға айыпталды. Қазақстанды өркендетуге емес, керісінше коммунистік партияның отарлау саясатын орнықтыруға арнайы тапсырмамен келген Ф. Голощекин алаш зиялылары жөнінде «оларды жұмысқа қосып, партияға ала тұрсақ та, олардың байшыл, ұлтшыл салт-санасына қарсы күресу керек» деген пікірінде қасарысып тұрып алды. Бұл тек бірінші хатшының ғана емес, жалпы коммунистік партияның «ескі» интеллигенция туралы ұстанған бағыты еді. Демек осы идеяның астарында қазақ халқының берекесін кетіру, төңкеріс салдарынан әбден қалжыраған халықты партия саясатына ауыз ашпастан бас шұғып көне беретін құлға айналдыру саясаты тұрды. Осы пиғылды дөп басып түсінген С. Садуақасовтай асыл азаматты Ф. Голощекин қазақ ұлтшылдығына, оңшыл ағымға, әр түрлі «ұлтшылдықтарға» айыптады. Саяси айыптау шаралары партия қатарын қазақ коммунистерінің ұлттық бағыт ұстанған тобынан тазарту науқандарына ұласты [7]. Сол тұста мемлекеттік басқару органдарын қазақиландырудың маңыздылығын С. Садуақасов ерекше атап өтеді. Оның XX ғасырдың 20-жылдарындағы қызметі туралы сол жылдары жауапты қызмет атқарған Н. Сырғабеков: «1920–1925 жылдары Садуақасұлы партияға өзіміздің адамдарымызды көбірек кіргізу керек деді. Өзбекстанда өзбектер өздерінен коммунистерді көбейтіп, орыстарды жеңіп алып отыр. Біз де солардан үлгі алуымыз керек. Біз әлі орыстың үстемдігінен құтыла алмай келеміз. Бізге бостандықтың ұшығы ғана тиіп отыр. Олай болса, біздің қатарымызда орыстардың табанын қайыруды қолынан келерліктей білетін адамдар болуы керек. Орыс жандаралдары қазір іске қосылмай отыр ма? Ендеше, бізде алашордашыларды іске тартуымыз керек... Орыстар өздерінің үстемдігін күшейту үшін алашордашылармен біздің арамызды ашуға тырысады. Алашордашыларды біздің республикада зиянды адамдар қылып көрсеткісі келеді. Орыстардың мұндай ұлы ұлтшылдығына біз Кенжеұлы, Бөкейханұлы (Абдулла), Әуезұлы Мұқтар (Мұқтар ол кезде коммунист) тағы басқалар күшін пайдалануымыз керек. Әсіресе, соңғы кезде көзге түсіп жүрген Мұстамбайұлы Ыдырыс, Кадаленко Нұрғали, Темірбек Жүргенұлы, Әбдірахман Байділдәұлы, Ғаббас Тоғжанұлы тағы басқаларды пайдалануымыз керек. Біз күштердің бәрін бір жерге және иіріп отырмай Қазақстанның түрлі түкпірлеріне таратып, әрқайсыларымыз өзіміздің ниеттес тілектестерімізді көбейтуіміз керек. Осы ретпен ұйымдастыру жұмыстарын күшейте жүргізсек, сонда ғана біз Өлкелік партия комитетін өз қолымызға ала аламыз», — деп атап көрсетеді [7].

1928 жылдың мамырында КП ОК Қазақстандағы партиялық және кеңестік аппаратты «тазарту» туралы шешім қабылдайды. Округтік комитет аппаратында өз қызметінен 116 адам (аппараттың барлық қызметкерлерінің 19,5 пайызы) босатылады. 1929 жылы Қазақ өлкелік комитет бюросының құрамынан 7 адам шығарылады, ал 1931 жылы республикалық басқарушы «бестіктің» құрамында тек қана 2 қазақ, Қазақ өлкелік комитеті бюросының 17 мүшесінің ішінде тек қана 2 қазақ, округтік комитеттің 7 хатшысының арасында 1 қазақ, Өлкелік атқару комитетінің 7 төрағасының ішінде 2 қазақ қалады. Осылайша, 1931 жылдың басына қарай Қазақстан партиялық-мемлекеттік аппаратында

жергілікті ұлт өкілдерінің саны жағынан ұлттық республикалардың ішінде ең аз көрсеткішке ие болды.

Осы тұстағы саясат салдарынан 1933 жылы қазақтардың жалпы саны 4510 мың болуы тиіс еді, М. Татимовтің есебі бойынша 1934 жылы Қазақстанда тек қана 2900 мың қазақ болды дегеніне сүйене отырып, онда қазақтардың аштық салдарынан ел бойынша «1610 мың адамға азайғанын» М.Х. Асылбеков, А.Б. Ғалиев көрсетеді [8; 107].

Қазақстаннан 1930–1931 жылдары Қытайға 5 587 шаруа көшкенін (820 бай, 2 120 орта шаруа, 2 647 кедей шаруа) айта отырып, ал Кеңес Одағының түрлі жерлеріне 27 ауданнан 1930 жылы ғана 35 034 шаруа көшіп кеткенін, бұлардың 15 960-і Орта Азия республикаларына, 901-і Украинаға, 18 173-і Ресей Федерациясына көшкенін Ш. Юсупов атап көрсетеді. Көшкен шаруалардың әрқайсысы 25-тен артығырақ мал алып кеткенін көрсете отырып, ол бар кінәні байларға аударды [9; 63].

Аштықтан қашқан қазақтар 1934 жылы Қазақстанның барлық өнеркәсібіндегі 72 мың жұмысшы мен қызметкерлердің 40,5 %-ын құрағанын, 1934 жылдың аяғында Қазақстанның халық шаруашылығында 585 540 жұмысшы мен қызметкердің 232 605-і қазақ екенін, яғни 39,7 % екенін келтіре отырып, зерттеуші ғалым А.Н. Нүсіпбеков мұндай «жетістікке» жетуге Отанымыздың өзге халықтарының «қарымсыз» көмегі себепші болғанын атап көрсетеді [10; 239].

Осылайша, КСРО-дағы саяси жүйе ресми партиялық идеологиядан «басқа бағытта ойлаушылармен» ымырасыз күрес жүргізу арқылы қалыптастырылды, саяси қуғын-сүргіндер толастамады. 1925 жылы дін адамдарын, 1928 жылы ірі байларды, ал 1929–1931 жылдары «ұлтшылдарды», 1934 жылы «солшылдарды» атқан зұлматты науқан 1937–38 жылдардағы жаппай жазалумен жалғасты. Қуғын-сүргіннің шырқау шыңы болған 1934–1938 жылдары 30 387 коммунист партия қатарынан қуылды. 1935–1938 жылдары партиядан шығарылған 25 833 адамның 8,5 мыңы «халық жауы» деп табылды [7].

Кеңес үкіметі Қазақстан экономикасын жаңғыртуға және индустрияландыруға ұмтылғанымен, аталған кезеңде жүзеге асырылған саясаттың терең және ұзаққа созылған салдары да болды. Күштеп ұжымдастыру мен ауыл шаруашылығындағы реформалар елеулі сілкіністерге, соның ішінде 1930 жылдардың басындағы қазақтың қайғылы ашаршылығы сансыз адамдардың өліміне және көптеген басқа адамдардың қоныс аударуына әкеліп соқты. Сонымен қатар, жерді пайдалану саясаты терең мәдени әсер қалдырды. Ғасырлар бойы қалыптасқан көшпелілердің дәстүрлері тұрмыс-салты жойылып, қазақтың мәдени мұрасы мен болмысына нұқсан келді. Қазақ халқының басынан өткен қиыншылықтары мен азаптарына қарамастан, Кеңес мемлекетінің жерге орналастыру саясатының өлкенің дамуына ықпал еткен біраз оң тұстары да болды. Қазақстанда неғұрлым индустрияландырылған және урбанизацияланған қоғамның іргетасы қаланып, сайып келгенде, Кеңес Одағының экономикалық және геосаяси контексіндегі маңызды аймақтардың қатарына қосылды [11; 138].

Қорытынды

XX ғасырдың 20–30 жылдарында республика бойынша жаппай сауатсыздықты жою, экономиканы индустрияландыру, ауылшаруашылығын дамыту, отырықшылық тұрмысқа көшіп, елді-мекендер мен қалаларды салу, мәдениет ошақтарын көбейтіп, бастауыш, орта, жоғары оқу орындарының, медициналық мекемелердің санын арттыру бойынша нәтижелі жұмыстар жүргізілді, осымен бірге партиялық және кеңестік аппаратты қазақиландыруға қадамдар жасалды. Дегенмен, осы аталған жетістіктерге қарамастан, қарастырылып отырған кезеңдегі ұлтаралық қатынастар айтарлықтай қарама-қайшылықтарға ие болды. Қазақ жеріне Кеңестік большевиктік билік орнаған кезден бастап, қазақ ұлтының саны кеміп, республикадағы орыс этносы өкілдерінің саны артып, қазақ өз жерінде саны орыс және өзге этнос өкілдерінен кем аз этностық топқа айналды.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Население Казахстана в 1917–1939 гг. — [Электронный ресурс]. — Режим доступа: <https://e-history.kz/ru/seo-materials/show/29324>.
- 2 Бургарт Л. Из истории немецких поселений в Восточном Казахстане (нач. XX века–1941 г.) / Л. Бургарт. — Усть-Каменогорск, 1999. — 72 с.

- 3 Дахшлейгер Г.Ф. История крестьянства Советского Казахстана / Г.Ф. Дахшлейгер, К.Н. Нурпеисов. — Алма-Ата: Наука, 1985. — 247 с.
- 4 Бурдина Е.Н. Факторы становления языкового законодательства и реализация права пользования родным языком в Советском Казахстане / Е.Н. Бурдина // Этнос, общество, цивилизация: III Кузеевские чтения. — Уфа: ИЭА УНЦ РАН, 2012. — С. 130–134.
- 5 Кучкин А.П. Советизация казахского аула (1926–1929 гг.) / А.П. Кучкин. — М.: Изд-во АН СССР, 1962. — 432 с.
- 6 Казиев С.Ш. Национально-политические процессы и межнациональные отношения в Казахстане (1920–1995 годы) / С.Ш. Казиев. — М., 1999. — 255 с.
- 7 Махат Д. Алаштың ақ сұңқары [Электрондық ресурс] / Д. Махат. — Қолжетімділік тәртібі: <https://e-history.kz/kz/news/show/3243>
- 8 Асылбеков М.Х. Социально-демографические процессы в Казахстане (1917–1980) / М.Х. Асылбеков, А.Б. Галиев. — Алматы: Ғылым, 1991. — 185 с.
- 9 Юсупов Ш. Көшпелі қазақ шаруашылығын отырықшыландыру / Ш. Юсупов. — Алматы: Қаз. мем. баспасы, 1957. — 88 б.
- 10 Нусупбеков А.Н. Вопросы истории Казахстана. Избранные труды / А.Н. Нусупбеков. — Алматы: Наука, 1989. — 343 с.
- 11 Оралбекова А.А. 1920–1930 жылдардағы Қазақстандағы Кеңес мемлекетінің жерге орналастыру саясаты (Ертіс өңірі материалдары бойынша) / А.А. Оралбекова, Г.А. Абеннова, А.Р. Ботабекова // Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің хабаршысы. Тарихи ғылымдар. Философия. Дінтану сериясы. — 2023. — № 4 (145). — Б. 128–141.

Ж.И. Мулдахметова, Ж.Т. Джолдыбаев, Э.А. Байдалиева, Д.Б. Саккулакова

**Межнациональные отношения в Казахстане в 20–30-е годы XX века:
история и проблемы**

Интерес историков к национальной политике Советского государства и межэтнических отношений прослеживается на всех этапах отечественной истории. Цель статьи заключается в комплексном анализе национальной политики Советского государства в Казахстане, выявлении проблем в межэтнических отношениях. Исходя из этого, авторами рассмотрены причины кризиса межэтнических отношений на территории дореволюционного Казахстана, раскрываются факторы, подтолкнувшие казахскую интеллигенцию к борьбе за этническую консолидацию казахов и отстаивание коренных интересов казахского народа. В процессе изучения проблематики в фокусе внимания авторов были народы, населяющие Казахстан, их групповые установки в межэтнических отношениях. Изучались взаимоотношения между казахами и русскими, а также представителями отдельных этнических меньшинств.

Ключевые слова: история Казахстана, межнациональные отношения, политика Советского государства, национальная политика, казахская интеллигенция.

Zh.I. Muldakhmetova, Zh.T. Dzholdybayeva, E.A. Baidalina, D.B. Sakkulakova

**Interethnic relations in Kazakhstan in the 20–30s of the XX century:
history and problems**

The interest of historians in the national policy of the Soviet state and interethnic relations can be traced at all stages of national history. The purpose of the article is to comprehensively analyze the national policy of the Soviet state in Kazakhstan and identify problems in interethnic relations. Based on this, the article examines the causes of the crisis of interethnic relations on the territory of pre-revolutionary Kazakhstan; the authors reveal the factors that pushed the Kazakh intelligentsia to fight for the ethnic consolidation of the Kazakhs and defend the fundamental interests of the Kazakh people. In the process of studying the issue, the authors focused on the peoples inhabiting Kazakhstan and their group attitudes in interethnic relations. The relationship between Kazakhs and Russians, as well as individual ethnic minorities, was examined.

Key words: history of Kazakhstan, interethnic relations, policy of the Soviet state, national policy, Kazakh intelligentsia.

References

- 1 Naselenie Kazakhstana v 1917–1939 gg. [Population of Kazakhstan in 1917–1939]. Retrieved from <https://e-history.kz/ru/seo-materials/show/29324> [in Russian].
- 2 Burgart, L. (1999). Iz istorii nemetskiikh poselenii v Vostochnom Kazakhstane (nach. XX veka–1941 g.) [From the history of German settlements in Eastern Kazakhstan (beginning of the twentieth century–1941)]. Ust-Kamenogorsk [in Russian].
- 3 Dakhshleiger, G.F., & Nurpeisov, K.N. (1985). Istoriia krestianstva Sovetskogo Kazakhstana [History of the peasantry of Soviet Kazakhstan]. Alma-Ata: Nauka [in Russian].
- 4 Burdina, E.N. (2012). Faktory stanovleniia yazykovogo zakonodatelstva i realizatsiia prava polzovaniia rodnym yazykom v Sovetskom Kazakhstane [Factors in the formation of language legislation and the implementation of the right to use the native language in Soviet Kazakhstan]. *Etnos, obshchestvo, tsivilizatsiia: III Kuzeevskie chteniia — Ethnicity, society, civilization: III Kuzeevsky readings*. Ufa: IEA UNTS RAN [in Russian].
- 5 Kuchkin, A.P. (1962). Sovetizatsiia kazakhskogo aula (1926–1929 gg.) [Sovietization of the Kazakh village (1926–1929)]. Moscow: Izdatelstvo Akademii nauk SSSR [in Russian].
- 6 Kaziev, S.Sh. (1999). Natsionalno-politicheskie protsessy i mezhnatsionalnye otnosheniia v Kazakhstane (1920–1995 gody) [National-political processes and interethnic relations in Kazakhstan (1920–1995)]. Moscow [in Russian].
- 7 Makhat, D. Alashtyn aq sunkary [Alash's white falcon]. Retrieved from <https://e-history.kz/kz/news/show/3243> [in Kazakh].
- 8 Asylbekov, M.Kh., & Galiev, A.B. (1991). Sotsialno-demograficheskie protsessy v Kazakhstane (1917–1980) [Socio-demographic processes in Kazakhstan (1917–1980)]. Almaty: Gylym [in Russian].
- 9 Yusupov, Sh. (1957). Koshpeli qazaq sharuashylygyn otyryqshylandyru [Settlement of nomadic Kazakh agriculture]. Almaty: Qazaq memleketik baspasy [in Kazakh].
- 10 Nusupbekov, A.N. (1989). Voprosy istorii Kazakhstana. Izbrannye trudy [History of Kazakhstan. Selected work]. Almaty: Nauka [in Russian].
- 11 Oralbekova, A.A., Abenova, G.A., & Botabekova, A.R. (2023). 1920–1930 zhyldardagy Qazakstandagy Kenes memleketinin zherge ornalastyru saiasaty (Ertis oniri materialdary boiynsha) [The land management policy of the Soviet state in Kazakhstan in the 1920s–1930s (based on materials from the Irtysh region)]. *L.N. Gumilev atyndagy Euraziia ul'tyq universitetinin khabarshysy. Tarikhi gylymdar. Filosofii. Dintanu seriiasy — Bulletin of the Eurasian National University. Historical sciences. Philosophy. Religion Series*, 4 (145), 128–141 [in Kazakh].

Авторлар туралы мәліметтер

Мұлдахметова Жанар — т.ғ.к., аға оқытушы, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Шымкент, Қазақстан; <https://orcid.org/0000-0002-4322-0543>

Джолдыбаев Жомарт — т.ғ.к., доцент, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Шымкент, Қазақстан; <https://orcid.org/0009-0007-1980-8914>

Байдалиева Эльмира — тарих магистрі, аға оқытушы, Ә. Қуатбаев атындағы Халықтар достастығы университеті, Шымкент, Қазақстан; <https://orcid.org/0009-0005-3576-8196>

Саккулакова Дана — тарих магистрі, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Шымкент, Қазақстан; <https://orcid.org/0009-0003-8880-8951>

Information about the authors

Muldakhmetova Zhanar — Candidate of historical sciences, senior lecturer, M. Auezov South Kazakhstan University, Shymkent, Kazakhstan.

Dzholdybayev Zhomart — Candidate of historical sciences, associate professor, M. Auezov South Kazakhstan University, Shymkent, Kazakhstan.

Baidalina Elmira — Master of history, senior lecturer, Academician A. Kuatbekov People's Friendship University, Shymkent, Kazakhstan.

Sakkulakova Dana — Master of history, M. Auezov South Kazakhstan University, Shymkent, Kazakhstan.